

Батыс Қазақстан облысындағы кейбір ауылдық елді мекендердің атауларын қайта атау және транскрипциясын өзгерту туралы

Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2010 жылғы 12 сәуірдегі N 20-12 шешімі және Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2010 жылғы 9 сәуірдегі N 74 қаулысы. Батыс Қазақстан облысының Әділет басқармасында 2010 жылғы 12 мамырда N 3041 тіркелді

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы", 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңдарына сәйкес және облыстық ономастикалық комиссиясы отырысының 2010 жылғы 6 сәуірдегі N 1-8 қорытындысы негізінде, облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТТІ** және облыстық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Мыналар:

Батыс Қазақстан облысы Ақжайық ауданының Жамбыл ауылдық округіндегі Болдырев селосы - Үштөбе ауылы;

Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданының Қызылкөл ауылдық округіндегі Правда селосы - Ұрысай ауылы болып қайта аталсын.

2. Мына атаудың орыс тіліндегі транскрипциясы:

Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданы Шыңғырлау ауылдық округіндегі "село Чингирлау" - "село Шынгырлау" деп өзгертілсін.

3. Осы қаулы және шешім алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы
Қ. Ешімов

Облыс әкімі
Б. Ізмұхамбетов

Облыстық мәслихат хатшысы

М. Құлшар